

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
ZOOM

№ 4

2024 жылғы 29 наурыз
сағат 11.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

**1. Тиісті саладағы бәсекелестікке әсері тұрғысынан мемлекет
құрған операторлардың қызметін талдау және олардың
функцияларын мемлекеттік органдарға немесе бәсекелес ортаға
беру тетіктері**

1.1. Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындардың бақылау департаментінің директоры Ж.М. Ермағамбетовтің операторлардың қызметін талдау (оларды оператор мәртебесінен айыру не олардың қызмет саласын шектеу) туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. Н.В. Радостовецтің ұсынысын және оған А.К. Жалкеевтің, О.А. Жандосовтың, А.Ж. Бикебаевтың толықтыруларын ескере отырып, Агенттікке (ЭШМКБД) ағымдағы жылғы 3-тоқсанда әзірленген ұсыныстарды Қоғамдық кеңестің отырысына шығара отырып, олардың қызметін заңнамалық реттеу бойынша оңтайлы шешім іздеу үшін нарыққа қатысушылар болып табылатынын, үстем жағдайға ие және реттеушілікке жақын болуы мүмкін функциялары бар екенін ескеріп, ұлттық операторлардың құқықтық мәртебесін сыни тұрғыдан талдау үшін Агенттіктің Қоғамдық кеңес мүшелерінің, Ұлттық экономика және Әділет министрліктері өкілдерінің, корпоративтік құқық саласындағы ғалымдардың қатысуымен жұмыс тобын құруды бірауыздан ұсыну туралы шешім қабылданды.

2. Агенттіктің 2023 жылғы даму жоспарын іске асыру туралы есепті қарау

2.1. Агенттіктің 2023 жылғы даму жоспарының нысаналы индикаторларына қол жеткізу бойынша Бәсекелестікті стратегиялық дамыту департаменті директорының орынбасары С.Т. Ахметтің ақпараты назарға алынсын.

2.2. Әкімшілік-қаржы департаменті директорының орынбасары Ә.А. Жәкеновтың Агенттіктің 2023 жылғы бюджетінің атқарылуына қатысты ақпараты назарға алынсын.

2.3. Агенттік (БҚДА) даму жоспарының орындалуы туралы есепті Қоғамдық кеңестің отырысына тоқсан сайынғы негізде шығарсын.

2.4. В.Н. Микрюковтің ұсынысын ескере отырып, Агенттік 2-тоқсан қорытындысы бойынша отырыста даму жоспарының орындалуы туралы неғұрлым егжей-тегжейлі есепті *(әрбір индикатор бойынша толық жазумен)* ұсынсын.

2.5. Н.В. Микрюковтің мемлекеттік сатып алу мәселесіне қатысты ұсынысы келесі отырыстардың бірінде қаралсын.

3. Экономикалық шоғырлануға өтініш беру рәсімін және онлайн нысанын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды талқылауды және заңнаманың талаптарына сәйкес келтіруді қоса алғанда, экономикалық шоғырлану мәселелері

3.1. Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаментінің директоры Ж.М. Ермағамбетовтің «ҰАТ» АҚ-мен бірлесіп «Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтініштерді қарау» Мемлекеттік көрсетілетін қызмет қызметін цифрландыру бойынша жүргізген жұмысы, өтініш беруші тарапынан өтініштерді электронды түрде беру кезіндегі проблемалар және оларды шешудің ұсынылған жолдары туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. А.А. Құсайыновтың экономикалық шоғырлануға арналған өтініштерді қарау бойынша Мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша атқарылған жұмыстар, сондай-ақ оларды беру кезіндегі техникалық проблемалар туралы ақпараты назарға алынсын.

3.3. Агенттік (ЭШМКБД) Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесіп «ҰАТ» АҚ орындауындағы ағымдағы техникалық тапсырманы «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасының монополияға қарсы комитетімен талқыласын, сондай-ақ осы техникалық тапсырмаға қосымша ұсыныстарды ескеруді ұсынсын.

4. Барлық заң жобаларын және осы заң жобалары сол және өзге саладағы кәсіпкерлік қызметке тікелей қатысты болған жағдайда, ҚР Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған заң жобаларына Үкіметтің қорытындыларын БҚДА-мен міндетті түрде келісу мәселесін қарау

4.1. Р.Е. Пасечконың барлық заң жобаларын және осы заң жобалары сол және өзге саладағы кәсіпкерлік қызметке тікелей қатысты болған жағдайда, ҚР Парламенті депутаттары бастамашылық жасаған заң жобаларына Үкіметтің қорытындыларын Агенттікпен міндетті түрде келісу туралы ережелерді бекіту жөніндегі бастамаларды пысықтауға қатысты ақпараты назарға алынсын.

4.2. Монополияға қарсы органды НҚА-ның барлық жобалары бойынша Үкімет регламентіне және Ырықсыздандыру туралы Жарлыққа міндетті келісуші органдардың тізбесіне қосу қажеттілігі туралы ұсыным бірауыздан қолдау тапсын.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына ұсыныстарды талқылау

5.1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (6 монополияға қарсы пакет) Қоғамдық кеңес мүшелерінің келіп түскен ұсыныстарына байланысты, осы мәселені келесі отырысқа көшіру туралы бірауыздан шешім қабылданды.

5.2. Н.В. Радостовецтің энергия өндіруші ұйымдарға энергетикалық көмірді сатуға бағалық реттеуді енгізу туралы заң жобасына салыстырма кестенің 27-тармағын алып тастау қажеттілігі туралы түсіндірмесі назарға алынсын (Агенттіктің Қоғамдық кеңесі отырысының ағымдағы жылғы 26 ақпандағы № 3 хаттамасының 1.2-тармағына сәйкес.)

Төраға



А. Бикебаев